

П.К. Юсуп¹ , Ф.Т. Саметова^{2*} 

¹Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

²Педагогикалық ғылымдар академиясының оқулықтану орталығы, Қазақстан, Алматы қ.

*e-mail: 180710@mail.ru

ОҚУЛЫҚТАРДЫ АПРОБАЦИЯДАН ӨТКІЗУДЕ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІН ҚОЛДАНУ НӘТИЖЕСІ

Қазіргі уақытта еліміздегі оқулықтану мәселелері негізінен мектеп оқулықтарын даярлаумен байланысты. Жаңартылған білім беру бағдарламасы енгізілгелі бері бұл мәселе құзырлы органдар мен ғалым, әдіскер-педагогтардың, сондай-ақ, қоғамдық ұйымдардың да белсене атсалысып келе жатқан саласына айналды. Бұл үрдіс оқулықтанудың жандануымен бірге мектеп оқулықтарының сапасын арттыруға да ықпалын тигізіп отыр. Ұсынылып отырған мақаланың мақсаты – оқулықтың анықтамасын айқындай келе, мектеп оқулықтарын апробациядан өткізу нәтижесін көрсету. Осы мақсат аясында мектептерде педагогикалық эксперимент жүргізу көзделді.

Зерттеу жұмысын жазу барысында сараптау, талдау, анализ, синтез, салыстырмалы әдістер пайдаланылды. Оқулық жазуда ескеретін арнайы талаптар – бұл бағыттағы бұлжымас қағидат. Сонымен бірге, мектеп оқулықтарын даярлау үдерісінде оның нақты бағытталған нысаны, оқушылардың жас ерекшелігі, оқыту технологиялары, қоғамдық-әлеуметтік ерекшеліктер сияқты аса маңызды қырлары барын да ескеру орынды. Оқулықтың негізгі рөлі – оқушыға жүйелі білім берумен қатар, оның өз бетімен білімін жетілдіруге, алған білімін практикада қолдану құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал етінде. Оқулықтардың дидактикалық аппараты бірнеше критерий бойынша сарапталса, оқулықтардың дидактикалық қызметінің жүзеге асуы да арнайы сұрыпталған критерийлер негізінде талданды. Зерттеу мақаланың маңызы мен құндылығы оқулықтың анықтамасын айқындау мен оқулықтарды арнайы апробациялық сараптамадан өткізу нәтижелерін талдаудан танылады. Зерттеу барысында алынған нәтижелерді еліміздегі қазіргі оқулықтану мәселелерін қарастыру барысында, сондай-ақ, мектеп оқулықтарын дайындау үдерісінде арнайы нұсқаулық түрінде пайдалануға, оқулықтарды апробациядан өткізуде негізге алуға болады.

Түйін сөздер: критерий, оқулық, білім мазмұны, оқыту, апробация, сараптама, дидактика.

P.K. Yussup¹, F.T. Sametova^{2*}

¹Kazakh National Women's Teacher Training University, Kazakhstan, Almaty

²Center for Textbook Studies of the Academy of Pedagogical Sciences, Kazakhstan, Almaty

*e-mail: 180710@mail.ru

The result of the application of evaluation criteria in the testing of textbooks

Currently, textbook problems in the country are mainly related to the development of high-quality school textbooks. Since the introduction of the updated educational program, this issue has become an actively affected area of competent authorities and scientists, methodologists, teachers, as well as public organizations. This trend, along with the development of textbook studies, contributes to improving the quality of school textbooks. The purpose of the proposed article is to determine the results of the testing of textbooks. As part of this goal, it was planned to conduct a pedagogical experiment in schools.

When writing the article, methods of analysis, evaluation, synthesis, and comparison were used. Special requirements that should be taken into account when writing a textbook are an unshakable principle in this direction. At the same time, in the process of preparing school textbooks, it is advisable to take into account such important aspects as its clearly directed form, age characteristics of students, learning technologies, socio-social characteristics. The main role of the textbook is that in addition to the systematic training of the student, it contributes to self-education, the formation of his competence to apply the acquired knowledge in practice. While the didactic apparatus of textbooks was analyzed according to several criteria, the implementation of the didactic functions of the textbook was also analyzed on the basis of special criteria. The significance and value of the research article is recognized in the definition of the textbook and the analysis of the results of the approbation examination of textbooks. The results obtained in the course of the study can be used as recommendations when considering the

problems of modern textbook studies in the country, as well as in the process of preparing school textbooks, to take as a basis for testing textbooks.

Key words: criterion, textbook, content of education, training, approbation, examination, didactics.

П.К. Юсуп¹, Ф.Т. Саметова^{2*}

¹Казахский национальный женский педагогический университет, Казахстан, г. Алматы

²Центр учебниковедения Академии педагогических наук, Казахстан, г. Алматы

*e-mail: 180710@mail.ru

Результаты применения критериев оценки при апробации учебников

В настоящее время проблемы качества школьных учебников в стране в основном связаны с их разработкой. С момента введения обновленной образовательной программы этот вопрос стал активно обсуждаемым органами управления образования и ученых, методистов-педагогов, а также общественных организаций. Цель статьи – анализ и оценка результатов проведения апробации учебников. В рамках исследования проведен педагогический эксперимент в школах.

При написании статьи использовались методы анализа, оценки, синтеза, сопоставления. Особые требования, которые следует учитывать при написании учебника, задаются дидактическими и методическими принципами, а также теорией учебниковедения. В процессе подготовки школьных учебников целесообразно учитывать такие важные аспекты, как его четко направленная форма, возрастные особенности учащихся, технологии обучения, общественно-социальные особенности. Основная роль учебника заключается в том, что помимо систематического обучения учащегося, учебник способствует самообразованию, формированию у школьника компетентности применять полученные знания на практике. В то время как дидактический аппарат учебников рассматривался по нескольким критериям, реализация дидактических функций учебника также анализировалась на основе специальных критериев. Значение и ценность исследовательской статьи связана с анализом результатов проведения экспертизы по апробации учебников. Результаты, полученные в ходе исследования, можно использовать в виде рекомендаций при рассмотрении проблем современного учебниковедения в стране, а также в процессе подготовки школьных учебников, взять за основу при апробации учебников.

Ключевые слова: критерий, учебник, содержание образования, обучение, апробация, экспертиза, дидактика.

Кіріспе

Оқулық жазуға қойылатын әртүрлі талаптар бүгінгі қоғамдық көзқарастармен қоса, арнайы зерттеуді қажет етіп отыр. Жаңартылған білім берудің үлгілік бағдарламасы енгізілгелі бері бұл үлкен қоғамдық талқылау туғызған сұраққа айналды. Оқулық сапасын айқындау мақсатында көптеген жұмыстар жүргізіліп, осы бағытта ғылыми жобалар жасалуда. Мектеп оқулықтарын апробациялау бойынша қойылатын критерийлерді айқындау, олардың оқулық мазмұны мен қызметін жетілдіруге тигізетін ықпалын анықтау бүгінгі күні аса өзекті мәселенің бірі болып отыр.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу жұмысында мектеп оқулықтарын апробациялау барысында бағалау критерийлерін қолдану нәтижелері айқындалып, оқулық мазмұны мен құрылымы сапасын анықтауға

қойылатын талаптар бойынша зерттеу жүргізілді.

Нәтижесінде оқулықтарды апробациядан өткізуде бағалау критерийлерін қолдану бойынша жүргізілген эмпирикалық зерттеулер қорытындысы алынды. Соның негізінде оқулық сапасын жетілдіру бойынша жүргізілетін жұмыстарға талдау жасалды.

Әдебиеттерге шолу

Оқулық – оқу үдерісін ұйымдастырудағы басты құрал. Оқулық жазу ісі XVII ғасырда бастау алып, бүгінгі күнге дейін үзбей жалғасып келе жатқан әрі тарихи, әрі жанды құбылыс. Оқулық жазған педагог, ғалым, авторлар оны жазуға қойылатын талаптарға да аса мән берген. Ол талаптардың дидактикалық, ғылыми маңызын аса жоғары бағалаған. Оқыту мен тәрбиелеудің теориясын алғаш негіздеп, ең бірінші жүйелі оқулықтар жазған Я.А. Коменский бұл туралы: «Оқыту дегеніміз – оқушыны оқу мате-

риалымен таныстыру. Сонымен, біздің алдымызда мұғалім, оқушы және оқу материалы бар. Мұғалім – бұл білімді жеткізетін адам; оқушы – оны қабылдайтын адам; оқу материалы – бұл білімнің берілуі және оның мұғалімнен оқушыға ауысуы... Мұғалім мен оқушылар өзара қарым-қатынаста; оқу процесінде біреуі де, екіншісі де болмауы мүмкін емес. Мұғалім мен оқушы арасындағы байланыс – бұл бір-бірінен екіншісіне ауысатын оқу материалы. Жақсы мұғалім, жақсы оқушы және жақсы материал білімді тиімді арттырады» (Коменский, 1982: 52) [1].

Оқулықтану ғылымы бойынша егеменді елімізде бірінші монография «Оқулықтану. Өзекті мәселелері» 2000 жылы жарық көрді. 2003 жылы ол «Актуальные проблемы учебниковедения» деген атпен Мәскеуде жарияланды. Осы кітаптардың авторлары А.Кусайнов және У.Асыллов болды. Бұл кітаптар Қазақстанда оқулықтану ғылымын құру үшін негіз болды. Кейінірек А.Абылқасымова мен М.Рыжаковтың «Білім мазмұны мен мектеп оқулығы: әдістемелік аспектілері» (Абылқасымова, 2012а) [2], Б.Каримова, Н.Жетпеисова, Т.Галиеваның «Оқулық оқушылардың жүйелі ойлауын қалыптастыру құралы ретінде» оқу құралдары шықты (Каримова, 2015а) [3].

Педагогикалық ғылымдар академиясы оқулықтарға қойылатын жаңа талаптарды ескере отырып, өз бастамасымен критерийлер жүйесін жетілдіру жұмыстарын бастады. Оқулықтардың сапа критерийлерінің жүйесі мыналарды көрсететіндей етіп әзірленді: біріншіден, оқулық авторларының құзыретіне қойылатын талаптар, екіншіден, оқулықты әзірлеуге қойылатын талаптар, үшіншіден, оқулықтану ғылымының қазіргі жетістіктері мен әлемнің жетекші елдеріндегі оқулықтар деңгейін ескере отырып оқулықтың өзіне қойылатын талаптар.

2019 жылы Министрлікте бұл жұмыстың нәтижелері талқыланып, қолданылып жүрген критерийлер негізінде ғылыми-педагогикалық сараптама критерийлерінің бірыңғай жүйесін әзірлеу туралы шешім қабылданды. Осылайша, нақтыланған критерийлер негізінде оқулық сапасы қазіргі таңда 128 критерий, 19 позиция бойынша бағаланады. «Оқу әдебиетінің сапасын арттыру бойынша әдістемелік ұсыныстар» әзірленді (Құсайынов, 2019) [4]. Осылайша, теориялық сараптамаға қойылатын талаптар әзірленіп, оқулықтың сапасына қойылатын практикалық талаптарды әзірлеу, яғни апробация қажеттілігі туындады.

Оқулықтардың сапасын бағалау критерийлерін әзірлеу тәжірибесін зерделеу жоғары сапалы оқулықтар жасау үшін мыналар қажет деген қорытындыға әкелді:

- оқулықтану туралы ғылымды дамыту;
- оқу әдебиетіне теориялық сараптама және практикалық сараптама (яғни апробация) критерийлерінің жүйесін әзірлеу;
- оқулық авторларының құзыреттілігін арттыру;
- оқулықтарды теориялық сараптау және тәжірибелік сынақтан өткізу үшін сарапшы мамандарды дайындау;
- оқулықтарды сараптау және оның қорытындысын шығару бойынша жұмысты ғылыми тұрғыдан сауатты ұйымдастыру.

Оқулық жасауда әлемдік тәжірибеде өзін дәлелдеген басқа да бірқатар ережелерді негізге ала отырып, біз мектеп оқулықтарын апробациядан өткізу жүйесін әзірледік. Ұсынылып отырған жүйе оқу әдебиетін бағалаудың әлемдік тәжірибесінде қолданылатын көптеген идеялар мен ұстанымдарды жинақтайды, сонымен бірге ол қазақстандық ерекшелікті көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері мен талдаулар. Талқылау

Қоғамда қалыптасқан пікір бойынша «оқулық – білім беру құралы». Оқулық туралы ең басты анықтама осы ғана ма? Яғни, ең алдымен біз оқулыққа қандай анықтама беретінімізді айқындауымыз керек. Бұл мәселені шешуде біз абстрактілі және теориялық тұрғыдан гөрі прагматикалық жағынан келуге тырысамыз. Сол себепті де біз бұл анықтаманы еліміздегі қазіргі жағдайда оқулық жазу, өндіру, пайдалану және бағалау саясатына сәйкес етуге ынталымыз.

Әртүрлі теориялық анықтамаларға қарамастан, еліміздегі мектеп оқулықтары бірнеше қызметті қатар атқарып жүр. Оқулық оқушының жүйелі білім алуда пайдаланатын ең басты құралы бола отырып, сонымен бірге мемлекеттік деңгейде бекітілген білім беру бағдарламасының белгілі бір жүйеге келтірілген нұсқасы түрінде де қызмет етеді. Яғни, оқулықтарды жасауға түрткі болған императивтердің бірі оқулықтың бүкіл мектеп бағдарламасын «қамтуы» болды. Көптеген мұғалімдер мен барлық оқушылар мектеп бағдарламасымен негізінен тек осы оқулық арқылы ғана таныса алады. Оқулық – бұл мақсаттағы жалғыз құрал деуімізге де болады. Өйткені оқушыларды есептегенде,

мұғалімдердің өзі білім беру бағдарламасын арнайы пән оқулығы түрінде ғана елестетінін айтады. Екінші жағынан, білім алушылардың өздері үшін оқулық – білім алушының ең негізгі құралы. Олардың осы мақсаттағы ең іргелі және көбінесе жалғыз оқу құралы әрі көбінесе репродуктивті немесе қайталанатын оқыту құралы болды (Құсайынов, 2021а) [5].

Оқулықтың негізгі рөлі нақты оқу жылында белгілі бір пән бойынша алдын-ала айқындалып бекітілген мектеп бағдарламасындағы ақпаратты беру болды. Шын мәнінде, оқулық оқушылардың алдында оқыту стилі мен тәсілінің нақты көрінісі болды және солай болып қала береді де. Сабақтардың жазбаша нұсқасы негізгі мәтінді құрайды да, оқулықтың «педагогикалық қосымшасы» қызметін атқарып тұрған бөлігі білім алушыны ынталандыратын тапсырмадан гөрі репродуктивті сұрақтар түрінде белсене қатысуын талап етеді. Осылайша, оқулықтардың құрылымы мектептердегі үйрету мен оқыту контекстінде білім берудің басым моделін көрсетеді.

«Оқулықтың» оқу мазмұнын қамтушы құрал ретіндегі осы тар мағынасынан айырмашылығы, қазіргі қоғамда «оқулық» термині кейде тым кең қолданылады. Мысалы, егер оқулыққа «оқу мазмұнын қамтушы құрал» деген анықтама берсек, онда сыныпта қолданылатын кез-келген кітап немесе мұғалім жасаған фотокөшірме материалының кез-келген элементі немесе басқа дереккөздерден алынған жұмыс парақтары немесе жарияланбаған материалдың бөліктері болуы мүмкін (Абылкасымова, 2012б) [2].

Кейінгі кездегі ұсынылып жүрген белсенді оқыту тәсілі оқытудың тікелей өзіне және білім алушыға назар аударуға басымдық береді. Осылайша оқулықтың басты рөлі негізінен жалпы білім беру (жай білім беру) ғана емес, керісінше дамытушы және қалыптастырушы болып өзгереді. Бұл, әрине, оқулықты басқаша түсінуге мүмкіндік береді. Оқулық өзінің мазмұны мен педагогикалық аппаратымен оның қолданушысы жүзеге асыратын білімнің құрылысын қолдайды (Reşikan, 2006) [6].

Қазақстандағы қалыптасқан әдеттегі оқыту тәжірибесі әлеуметтік және эмоционалдық факторларға, сыныптан тыс дағдыларға, шешім қабылдау еркіндігіне, сөз бостандығына, даралыққа, бастамаға және жеке өмірге жеткілікті назар аудармайды деп саналады. Сыныптағы баланың еңбегі есте сақтау және ойлаудың жеңілдетілген тәсілдері сияқты

танымдық іс-әрекетке дейін төмендетілген. Бұл тәжірибенің нәтижесінде мектепте оқытудың тиімділігі төмендейді. Оқушылардың мектепте алатын білім кластерлері бір-бірінен оқшауланып тұратындықтан, оны мектепте де, одан тыс жердегі әртүрлі жағдайларда қолдануды білмейді.

Белсенді оқыту технологиясының (халықаралық термин – ALT) мақсаты – оқу бағдарламасын орындау кезінде оқыту әдістерін қолдану аясын кеңейту арқылы мектептегі оқытудың білім беру әсерін арттыру және әр баланың жеке басының дамуын жетілдіру. ALT баланың оқуға деген ынтасы мен оны өздігінен үйренуге дағдыландыру туралы бірдей мүмкіндік жасайды. ALT ерекше атап көрсететін нәрсе – балаларды диалогқа тартудан бастап, өз идеяларын қалай ұсынуға, таңдау жасау үшін басқа балалармен қалай ынтымақтасуға және мәселелердің жаңа шешімдерін жасауға үйретуге дейінгі әртүрлі әрекеттерге назар аудару. Осы іс-шаралардың барлығы балаларға өз білімдерін игеруге және құруға көмектеседі.

Ең алдымен оқулық мазмұнынан осы мазмұнды жасау және үйрену үдерісіне баса назар аударып, біз «не»-ден «қалай»-ға ауысамыз. Енді бізді тек мазмұнның өзі ғана емес, сонымен қатар бұл мазмұнның қалай делдал болатыны қызықтырады. Мұндай ауысу мазмұнды елемеуді емес, керісінше оған көбірек көңіл бөлуді білдіреді. Оқулықтың мазмұны қарастырылып отырған тақырып үшін дәл және репрезентативті болуы өте маңызды болғанымен, бұл өздігінен жеткіліксіз. Оқулықтың мазмұны мен оны баяндауды бөлек қарастыруға болмайды. Мазмұнды таңдау тек пән бойынша ғана емес, сонымен бірге оның кімге арналғанын да ескеруі керек (оқушылардың алдын-ала білімі, осы жастағы оқушылардың зияткерлік қабілеттері, жеке айырмашылықтар және т.б.). Мұның бәрі оқулықтың мазмұнын түсінуге әсер етеді (Каримова, 2015б) [3].

Келесі ауысым біздің назарымызды оқыту түріндегі білімді ұсынудан оқушының күшжігері, көзқарасы мен әрекеттері арқылы сенімді және пайдалы білімді белсенді құру процесін танытатын білімді өндіру түріне аударады. Мұндағы ауысым қалай деген сұрақ аясында жүреді, яғни ол мазмұнның қалай өңделетініне күмән келтіреді. Мұндағы екпін ақпаратты тікелей беруден оқушының білімін өз бетінше құруға жағдай жасауға ауысады. Бұл оқулық мазмұнының негізгі функциясын нақты

көрсетеді: ол берілген пән бойынша нақты және тиісті білім алу үшін оны пайдаланатын адамға қажетті оқу жағдайларын жасаудан тұрады.

Қарапайым тілмен айтқанда, оқулықтың білім беру функциясы кумулятивті оқыту принципіне негізделген. Екінші жағынан, оқулықтың дамытушы және қалыптастырушы функциясы оқушының өз бетінше білім алуына мүмкіндік беретін жағдайлар жасау болып табылады. Басқаша айтқанда, оқулықты әзірлеу дегеніміз – оқулықта қамтылуы тиіс білім жиынтығы мен оқушылар арасындағы олардың интеллектуалды және басқа қабілеттеріне әсер ететін маңызды өзара әрекеттесуді ұйымдастырудың ең тиімді құралдарын таңдауға назар аудару. Оқулықтың негізгі функцияларының бірі тарихи түрде осы пән бойынша жалпы білім беру болды және болып қала береді. Алайда, бұл оңай жұмыс емес. Өйткені оқушыларға оларды автоматты түрде алу үшін негізгі ақпарат пен фактілерді ұсыну жеткіліксіз; мазмұнды бір уақытта көбейту және тақырыпты түсіну қабілеті бұл білімнің сақталуына кепілдік бермейді. Пән оқушыларға осы білімді сыныптан тыс жағдайларда игеруге, жалпылауға және қолдануға мүмкіндік беретін етіп ұсынылуы үшін бірқатар талаптарды орындау қажет. Бұл талаптарды анықтау оқулықтардың сапасы бойынша осы жобаның мақсаттарының бірі болып табылады (Саметова, 2021: 18) [7].

Оқу процесінде оқулықтардың дамытушы рөлін және қол жеткізуге болатын мақсаттарды ескере отырып, бізге назарымызды оқулықтың оқушылардың қолдануы үшін сөзбе-сөз кітап ретінде тар анықтамасынан оқулықтардың толық жиынтығына аудару қажет сияқты. Осылайша, оқулық материалдарын өндіруге және пайдалануға тән барлық түрлі мүмкіндіктерді егжей-тегжейлі сипаттау қажет. Сондай-ақ, осы оқулық материалдарын белгілі бір жас тобына арналған пән мен оқу міндеттеріне байланысты біріктірудің әртүрлі тәсілдерін зерттеу маңызды.

Егер біз оқулық оқушының өз бетімен білім алуын қамтамасыз етуін қаласақ, оны әзірлеу мен жарыққа шығаруда келесі факторларды ескеруіміз керек:

- оқулықтың мазмұнын құрайтын білім мен ақпараттың сипаты мен әртүрлілігін;
- оқулық функциясын;
- адресат, яғни оқулық арналған білім алушыны (оның жас ерекшелігін, білім беру деңгейі мен түрін ескеру);

- оқулық пайдаланылатын ортаны (Құсайынов, 2021б: 45) [5].

Оқулықты апробациядан өткізудің екі жолы бар: теориялық және практикалық сараптама (Құсайынов, 2022а: 5) [8]. Қарағанды қаласындағы №3 гимназияның, Алматы қаласында №15 гимназияның 8 сыныбында 2021-2022 оқу жылында *Қазақ тілі, Алгебра және Биология пәндері* бойынша практикалық апробация жүргізілді, қазір де жалғасуда. Оқушыларға қай тақырып қиындық тудыруда? Оқушыға нәліктен осы тақырып қиын болды? Тапсырмалар уақытқа, жас ерекшелігіне сай келе ме? Апробацияны осы позициядан қарастыру көзделді. Экспериментке үш субъект қатысты: ата-ана, оқушы, мұғалім. Үш тарап үшін екі тараудан тұратын арнайы бағалау критерийлері әзірленіп, оқушылар мен пән мұғалімдерінен әрбір өтілген тақырыпқа сай, ал ата-аналардан тоқсан сайын сауалнамалар алынып, нәтижесі сараланып отырды (Құсайынов, 2022б: 348) [9]. Әр пән бойынша сауалнама нәтижесінде төмендегідей қорытындылар жасалды:

1-тарау оқулықтардың дидактикалық аппаратын сараптауға арналды. Қазақ тілі, Алгебра және Биология оқулықтары негізгі талаптарға сай деп танылды. Оқулық мазмұны мен оның құрылымы МЖМБС-да анықталған мақсаттар мен міндеттерге және базалық құндылықтарға сәйкес келеді. Оқулықтардың негізгі тарау атаулары және мазмұны оқу бағдарламасына сәйкес келеді.

Оқулық құрылымы критерийі бойынша үш оқулық та оқу бағдарламаларына сәйкес келеді. Оқулықтардың кіріспе бөлімдерінде әр пәннің мақсаты мен міндеттері көрсетілген және барлық бөлімдері жүйелі әрі үйлесімді құрастырылған. *Қазақ тілі* оқулығында негізгі, қосымша және түсіндірме мәтіндер бар, мәтіндер бір-бірімен өзара байланысты. Теориялық мәтіндерде ақпаратты қорытындылауға сұрақтар берілген. Дегенмен, пайдаланылған оқу ақпараттарына сілтемелер көп материалдарда көрсетілмеген. Кейбір тараудан кейін білімді бекітуге арналған тапсырмалар жоқ. *Алгебрада* әрбір тараудың басында «Бөлімді оқу нәтижесінде» оқушылар үшін оқу мақсаттары және күтілетін нәтижесі көрсетілген. Оқулықтарда әр жаңа тақырыпқа негізгі теориялық материал, теориялық материалды тексеруге қажетті сұрақтар бар. Тарау соңында «Бұл қызықты!» айдарында математика ғалымдары туралы қосымша материалдар, сонымен қатар математика тарихынан ақпараттар

бар. Оқулықтардың әрбір тарауынан кейін «Тарауды қайталауға арналған жаттығулар» мен «Өзіңді тексер!» деп аталатын қорытынды материалдар бар. Дегенмен, пайдаланылған оқу ақпараттарына сілтемелер көрсетілмеген және оқушының білімін тексеретін тапсырмалар жиынтық тапсырмаларына сай безендірілмеген. Қосымша материал бөлімінде 10-нан 99-ға дейінгі натурал сан квадраттарының кестесі көрсетілген. *Биологияда* әрбір тараудан кейін қорытынды материалдар берілмеген. Пайдаланылған оқу ақпараттарына сілтемелер толық көрсетілмеген және оқушының білімін тексеретін тапсырмалар жиынтық тапсырмаларына сай безендірілмеген. Кейбір тақырыптар сонында қосымша материалдар берілген. Алгебра, Биология оқулықтарында қосымша әдебиет ретінде оқушыларға орыс тіліндегі оқулықтар мен әдебиеттерге сілтеме жасалған. Үш оқулықта да пәндік көрсеткіш алфавиттік тәртіппен оқулықтағы жаңа терминдерге сәйкес құрылған және сол термин енгізілген бетке сілтеме бар.

Оқулық мазмұны критерийі бойынша үш оқулықтың да мазмұнының басқа сынып оқулықтарының мазмұнымен сабақтастығы шиыршық сипатта. Оқу материалдарының мазмұны мен тапсырмалар жүйесі «жеңілден-күрделіге» принципімен құрылған. Сонымен қатар, басқа пәндермен де тығыз байланысты. *Қазақ тілінен* оқу материалының көлемі оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес. *Алгебра оқулығы* бойынша пәнішілік және пәнаралық байланыс принциптерін негізгі теориялық материалдар мен есептердің мазмұнынан көруге болады. Алгебра оқулығындағы есептерде Қазақстандық контент ҚР көрікті жерлері, қорықтары, қала, өзен, көл атаулары, пайдалы қазбалары, экономикалық жетістіктері мен технологиялық ерекшеліктері және статистикалық мәліметтер түрінде көрініс тапқан. Оқу материалының көлемі және күрделілік деңгейі оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді, тек *«Дисперсия және стандартты ауытқу»* тақырыбында күрделі формулалардың дәлелі келтірілген. *Биология оқулығында* оқу мазмұнына сәйкес білім беру саласы бойынша қазіргі ғылым, техника және технология жетістіктері туралы ғылымтанымдық ақпараттар кейбір тақырыптарда кездеседі. Сабақ материалдарының 10%-да ғана қазақстандық контент көрініс табады. Ол – ҚР селекциядағы жетістіктері мен экологиялық мәселелері. Оқу мазмұнында ғылыми дәлелденбеген, күмәнді мәліметтер, мысалдар мен

түсіндірмелер жоқ. Оқу материалының көлемі және күрделілік деңгейі оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Дегенмен, Алгебра, Биология оқулықтарының оқу мазмұны оқушыларға кәсіби бағдар беруге бағытталмаған. Жалпы алғанда, үш оқулықтың да мазмұны тақырыптарына сәйкес келеді.

Меңгертуді ұйымдастыру аппараты критерийі бойынша Қазақ тілі оқулығындағы барлық материалдардың оқушылардың өмірлік жағдаяттарына қажет болуы көзделген. Тапсырмалар мен жаттығулар сауатты, нақты және түсінікті құрастырылған. Оқушылардың деңгейлері ескерілген. Тапсырмалар «Білу», «Түсіну», «Қолдану», «Талдау», «Бағалау», «Жинақтау» дағдыларын қалыптастыруға арналған. Дегенмен, тарау соңында «Өзіңді тексер!» деп аталатын қорытынды материалдар кейбір тарауларда жоқ. Оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыру мен дамытуға арналған сұрақтар, тапсырмалар мен жаттығулар жүйелі. Сонымен қатар, оқушылардың шығармашылық, практикалық, жобалық тапсырмалары әрбір тақырыпта кездеседі. Жеке және топпен орындауға арналған, оқушылардың кестелермен, схемалармен, фотосуреттермен, диаграммалармен жұмыс істей алу дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар бар. Электрондық ақпарат құралдарымен жұмыс істей алу дағдыларын қалыптастыруға арналған тапсырмалар мен жаттығулар өкінішке орай кездеспейді. *Алгебра оқулығындағы* есептердің мазмұнында басым бөлігі «Статистика элементтері» тарауында өмірлік жағдаяттар көрініс табады. Басқа тарауларда 1-2 есептермен шектелген. Тақырып соңында берілген сұрақтар, тақырыпты бекітуге арналған жаттығулар оқушының деңгейін ескеріп құрастырылған. А тобындағы есептер «Білу», «Түсіну», «Қолдану» дағдыларын қалыптастыруға бағытталса, В тобындағы есептер оқушының «Қолдану», «Талдау», «Жинақтау» дағдыларын қалыптастырады. С тобындағы оқушылар үшін тым күрделі. А тобындағы есептерде жаттықтырғыш есептердің көлемі аз. В тобындағы есептердің шарты оқушы үшін күрделі, мысалы «Квадрат теңдеу түбірлерінің формулалары» тақырыбында формуланы есте сақтауды қалыптастыратын жаттықтырғыш есептер аз, ал В тобындағы есептердің № 237, 238 есептері оқушылар үшін түсініксіз. Ал №235 есеп С деңгейіне сай келеді. Тарау соңында «Өзіңді тексер!» деп аталатын қорытынды материалдар оқушының өз білімін

бағалауға арналған, бірақ осы тапсырмалар дескриптормен берілмеген. Оқушылардың математикалық сауаттылығын қалыптастыру мен дамытуға арналған тапсырмалар өте аз көлемде қарастырылған. Оқу мазмұнында шығармашылық, практикалық, жобалық және зерттеу тапсырмаларының, модельдеу мен өздігінен орындауға арналған тапсырмалар шартты белгімен көрсетілмеген. Жеке және топпен орындауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар жүйесі қарастырылмаған. Оқушылардың кестелермен, сызбалармен, графиктермен, диаграммалармен, жұмыс істей алу дағдыларын дамытуға арналған жаттығулар бар, олар есеп шартына сәйкес келеді және теориялық материалды түсінуге септігін тигізеді. Электрондық ақпарат құралдарымен жұмыс істей алу дағдыларын қалыптастыруға арналған тапсырмалар ұсынылмаған. *Биология оқулығы* бойынша оқулықтағы сабақ мазмұнының «қолдану», «синтез» бөлімінің тапсырмаларында өмірлік жағдаяттар көрініс табады. Оқушылардың функционалды сауаттылығын қалыптастыру мен дамытуға арналған сұрақтар, тапсырмалар бар, бірақ аз мөлшерде. Оқу мазмұнында шығармашылық, практикалық және зерттеу жұмыстары, модельдеу мен өздігінен орындауға арналған тапсырмалар бар, бірақ ол тапсырмаларда дескрипторлар жоқ. Топпен орындауға арналған сұрақтар мен тапсырмалар жүйесі қарастырылмаған. Оқушылардың кестелермен, сызбалармен, графиктермен, диаграммалармен жұмыс істей алу дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар бар, олар тапсырма шартына сәйкес келеді және теориялық материалды түсінуге септігін тигізеді. Электрондық ақпарат құралдарымен жұмыс істей алу дағдыларын қалыптастыруға арналған тапсырмалар бар және олар көбінесе «бағалау» бөлімінде кездеседі.

Қабылдау аппараты критерийі бойынша үш оқулықтың да баяндау тілінде оқушылардың жас ерекшеліктері ескерілген. Оқулықта қолданылған анықтамалар мен терминдер жалпыға ортақ ғылыми терминологияға сәйкес жазылған және орынды қолданылған. Оқулықтағы материалдар оқу мақсаттарына сай, түсінікті жазылған және тапсырмалары нақты, сауатты, дұрыс құрастырылған. *Қазақ тілі* оқулығында оқу мәтіндері мен жаттығуларда грамматикалық, орфографиялық және пунктуациялық қателер жоқ. *Алгебра* оқулығының оқу мәтіндері мен жаттығуларында грамматикалық, орфографиялық және

пунктуациялық қателер жоқ, тек 134 бетте №496 есепте формулада қате бар.

Бағдарлау аппараты критерийі бойынша оқулықтар атауы толық, түсінікті және анық берілген. Авторлар, баспаның атауы дұрыс жазылған, шығарылған жылы көрсетілген. Оқулықтар мазмұнында тараулар толық көрсетілген. Әр тараудың басында оқу мақсаттары мен күтілетін нәтижелері берілген. Оқулықтың алғы сөзінде шартты белгілер сипатталған, негізгі ұсынылған мәліметтер бойынша ақпараттар берілген.

Иллюстрациялық материал критерийі бойынша Қазақ тілі оқулығының мұқабасында қазақтың оюы берілген. Оқулықтарда қолданылған сызбалар, кестелер, суреттер, графиктер бір стильде орындалған. *Алгебра* оқулығы бойынша оқу мазмұнын зерделеуге көмектесетін және оны меңгеруді оңайлататын материалдар кешенді ұсынылған. Оқулық мұқабасында оқу мазмұнына сәйкес формулалар мен сызбалар келтірілген. *Биология* оқулығының мұқабасында оқу мазмұнына сәйкес қоршаған орта және оның компоненттері бейнеленген. Оқулықтарда иллюстрациялар оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес безендірілген. Қолданылған сызбалар, кестелер, суреттер, графиктер бір стильде орындалған және теориялық мәтінмен байланыс сақталған.

Оқулық эргономикасы критерийі бойынша оқулықтардың барлық мәтіндері мен иллюстрациялық материалдары эстетикалық безендіру нормаларына сәйкес келеді. Оқулықтардың барлық мәтіндері бір шрифтпен жазылған, тақырыптар, қажетті анықтамалар мен формулалар қою шрифтпен, тарау атаулары бас әріптермен, параграф атауы ерекше қаріптермен және оқуға ыңғайлы көлеммен белгіленген.

Сауалнаманың 2-тарауы бойынша оқулықтардың дидактикалық қызметінің жүзеге асуына сараптама жасалды:

Оқулықтың үйлестіруші қызметі критерийі бойынша Қазақ тілі, Алгебра оқулықтарының кіріспе бөлімдерінде қосымша пайдаланылатын ОӘК бөліктері тізбесі берілмеген, тек оқулық соңында электронды ресурс ретінде диск берілген. Осы оқулыққа қоса шығарылған жаттығулар жиынтығы, мұғалімге әдістемелік нұсқаулықтарға сілтеме ұсынылмаған.

Оқулықтың жүйелендіруші қызметі критерийі бойынша оқулықтар стандарт пен оқу бағдарламасындағы қарастырылған тақырыптар мен оқу мақсаттарға сай келеді. Оқушылардың

материалды ғылыми жүйелеу әдіс-тәсілдерін үйретуге ықпал етеді. Барлық қолданылған терминдер, өлшем бірліктер халықаралық бірліктер жүйесіне сәйкес келеді.

Оқулықтың ақпарат беруші қызметі критерийі бойынша оқулықтар оқушылардың пән бойынша негізгі құралы болып табылды. Оқулықтарда оқу материалының мазмұнындағы ақпарат ғылымилық дидактикалық ұстанымдарына сәйкес келеді. Оқулықтар мазмұнында теориялық материал, теоремалар, формулалар және анықтамалар мен терминдер жүйелі түрде және тақырыпқа сай құралған. Тапсырмалар оқушының қажетті ақпаратты іздеу және дұрыс шешім қабылдау дағдыларын дамытуға бағытталған. Алгебра оқулығындағы қолданылған теориялық материал оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып жасалғанымен, көптеген оқушылар оқулықтағы материалды өз бетімен түсіне алмайды. В тобындағы «Қолдану», «Талдау» дағдысын қалыптастыратын тапсырмалар оқушы үшін күрделі, яғни ғылыми тілде жазылған.

Оқулықтың ынталандырушы қызметі критерийі бойынша Қазақ тілі оқулығындағы материалдар оқушы қызығушылығын тудыруға бағытталған. Сұрақтар мен мәселелерді өздігінен шешуге арналған тапсырмалар бар. *Биология мен Алгебра оқулықтарындағы* біраз тапсырмалар оқушының пәнді оқуға қызығушылығын арттыруға бағытталмаған. Алгебрада «Статистика элементтері» тарауының тапсырмалары өмірмен байланысты болғандықтан, оқушылардың қызығушылығын арттырады. Оқушының жобалау, модельдеу, өз білімін әртүрлі жағдаяттарда қолдану дағдыларын дамытушы оқу материалдары қарастырылмаған. Оқушының болашақта бейіндік оқу бағытын анықтау, мамандық таңдау мақсаттарында тереңдете оқуға қызығушылығын арттыратын оқу материалдары жеткіліксіз.

Оқулықтың дамытушы қызметі критерийі бойынша Қазақ тілі оқулығының мазмұнында оқушылардың шығармашылық ойлау қабілетін дамытуға арналған тапсырмалар бар. *Алгебра* оқулығының мазмұнында оқушының креативтілігін, шығармашылық қабілетін дамытатын тапсырмалары көрсетілмеген. Зерттеушілік сипаттағы, қысқаша нұсқаулықтары қоса берілген тапсырмаларға теориялық материалды талдау барысындағы мысалдарыды жатқызуға болады. А- тобындағы есептер алған білімдерін машықтандырып,

«Қолдану» дағдысын қалыптастырады. В – тобындағы тапсырмалардың басым көпшілігі оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытады, жоғары деңгейдегі ойлауды қажет етеді. С – тобындағы есептер күрделі деңгейдегі тапсырмалар, олар оқушының абстракті түрде ойлау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Белсенді және интербелсенді оқыту стратегияларын қолдануға тапсырмалар, яғни қолданбалы, тәжірибеге бағдарланған тапсырмалар келтірілмеген. Ақпараттық-коммуникативтік, электрондық, ақпараттық ресурстармен жұмыс істей алу қабілеттерін дамытатын жаттығулар жүйесі қарастырылмаған.

Оқулықтың түрлендіруші қызметі критерийі бойынша оқулықтағы тапсырмалар мен жаттығулар жүйесі оқушылардың алған білімдерін көрсетуге және есептер шығаруда қолдануына бағытталған. Оқу материалы инновациялық оқыту әдістерін (проблемалық, тәжірибеге бағдарланған, коммуникативтік) және шығармашылық тәсілдерін (іскерлік ойындар, жобалау) қолдануға бағытталған тапсырмалар сирек.

Оқулықтың құндылықтарға бағыттау және тәрбиелік қызметі критерийі бойынша Қазақ тілі оқулығында оқушылардың рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытуға бағытталған тапсырмалар бар. Ол тапсырмалар оқушыларды ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, борышкерлік, адалдық, ар-намыс, еңбекқорлық қасиеттерге тәрбиелеуге көмектеседі. Сонымен қатар, оқулық мазмұнында отансүйгіштік, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, мемлекет, қоғам, отбасы және жеке тұлға алдындағы жауапкершілік сезімдерін тәрбиелеу мақсатындағы тапсырмалар, мәтіндер мен иллюстрациялық материалдар кездеседі. Оқулық мазмұнында экологиялық мәдениетке, салауатты өмір салтын ұстануға, сабырлылыққа тәрбиелеуге бағытталған материалдар да бар. Оқулық мазмұнында қатыгездіктің, діни экстремизм мен азғындықтың көрініс табуына, сыбайлас жемқорлыққа жол бермеуге арналған материалдар қамтылған. Оқулық мазмұнындағы материалдар оқушылардың коммуникациялық дағдыларын дамытуға, оқушыларда толеранттылықты, ұлтаралық және конфессияаралық диалогты қалыптастыруға ықпал етеді. *Биология* оқулығының мазмұнында берілген оқу материалдары мен тапсырмалар оқушылардың бойында рухани-адамгершілік қасиеттерін, коммуникациялық дағдыларын, экологиялық мәдениетін қалыптастыруға, са-

лауатты өмір салтын ұстануға, санасында әлемнің тұтас бейнесін құруға және осының негізінде өмірге көзқарасын түзетуге ықпалын тигізеді. Оқулық мазмұнында қазақстандық контент отансүйгіштікке, туған елді танып оны құрметтеуге және жауапкершілікке тәрбиелеуге ықпал ету мақсатында қолданылған. Математикалық білім мазмұны есептер шығару арқылы еңбекке баулу және жауапкершілікке тәрбиелеуге ықпал ету мақсатында қолданылған.

Өздігінен білім алуға үйрету және навигация қызметі критерийі бойынша оқулықта өздігінен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға «Жаттығулар» бөлімінде деңгейлеп берілген тапсырмалар және бөлім соңында «Тақырыпты қайталауға арналған жаттығулар» топтамасы қарастырылған. Әр тақырып соңында оқушылардың білімін тексеретін сұрақтар бар, оқулық соңында күрделі есептердің шешімдері «Жауаптар мен нұсқаулар» бөлімінде жүйеленген. Бұл нұсқаулықтар оқушыларға өз бетімен аналитикалық ойлауға және талдау жасауға, зерттеулер жүргізуге септігін тигізеді. Оқушыға оқулықпен жұмыс істеуге, қажетті ақпараттарды табуға көмектесетін шартты белгілер қарастырылған.

Оқулықтың кіріктіруші қызметі бойынша оқу мазмұнының сабақтастығы алдыңғы біліммен шиыршық принциптеріне негізделген. *Қазақ тілінде* оқушының жобалау қызметіне қабілеттілігін дамытатын кіріктірілген тапсырмалар ездеседі. Пәнішілік байланыс, мысалы Алгебрада 6-сыныптағы «Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеулер» және «Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер» тақырыбы, 7 сыныптағы «Көпмүше» тақырыбы, 6 сыныптағы «Мәндес теңдеулер» және т.б. көруге болады. Тапсырмаларда басқа (физика, география) немесе іргелес (геометрия) ғылымдармен логикалық байланыс құрылған, сонымен қатар иллюстрациялық материалдарда пәнаралық байланыстардың көрсетілген. Қосымша материалдарда «Математика тарихы» пәнінен мәліметтер алынған. Оқушының жобалау қызметіне қабілеттілігін дамытатын және шығармашылық сипатта кіріктірілген тапсырмалар қарастырылмаған. Пәнішілік байланыс, мысалы Биологияда 6 сыныптағы «Жасуша неден тұрады» және «Қандай зат алмасу өнімдері бар» тақырыбы, 7 сыныптағы «Өсімдіктер мен жануар жасушаларының құрылыс ерекшеліктері» тақырыбы және т.б. көруге болады. Тапсыр-

маларда басқа (физика, география, химия) немесе іргелес (микология, битехнология) ғылымдармен логикалық байланыс құрылған, сонымен қатар иллюстрациялық материалдарда пәнаралық байланыстар көрсетілген. Оқушының жобалау қызметіне қабілеттілігін дамытатын және шығармашылық сипатта кіріктірілген тапсырмалар қарастырылған.

Оқулықтың бақылау-түзетуші қызметі бойынша оқулықтарда оқу процесінде өзара бағалау, өзін-өзі бағалау және түзету, функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға арналған тапсырмаларды орындау мүмкіндіктері аз. Тақырыптар мен тараулар бойынша оқушылардың оқу жетістіктерін анықтайтын және бекітетін бақылау тапсырмалар қарастырылмаған.

Оқулықтағы тапсырмалардың TIMSS тапсырмалары сипатына сәйкестігі критерийі бойынша: *Қазақ тілі оқулығының* мазмұнында оқушылардың оқу сауаттылығын дамытуға бағытталған тапсырмалар бар. Базалық ақпаратты іздеу, түсіну және түрлендіру үшін қажетті контексті тапсырмалар кездеседі. Дәлелдемелер келтіруге, қорытуға, қорытынды шығаруға, мәтіннің өмірмен байланыстылығын табуға бағытталған тапсырмалар бар. *Жаратылыстану-ғылыми сауаттылығы бойынша* оқулық мазмұнында табиғи ортадағы өзгерістерді болжау үшін білімін қолдануға лайықталған контексті тапсырмалар мен заманауи ғылым мен технологияның жетістіктерін талдау және қолдану бойынша тапсырмалар кездеседі.

Математикалық білім беру сапасына Алгебра оқулығында А – деңгейіндегі тапсырмалар TIMSS тапсырмаларының «Білім» деңгейіне сәйкес келеді, яғни математикалық терминдерді, анықтамаларды түсінуді бағалауға арналған. В – деңгейіндегі тапсырмалар «Қолдану деңгейі» – есептерді математикалық жолмен ұтымды түрде шешудің әдістерін, тәсілін таңдауды бағалауға, математикалық ақпаратты іздеуге, дәлелдеуге және келтіруге, модельдеуге лайықталған тапсырмалар. С – деңгейіндегі тапсырмалар «Ойлау деңгейі» – математикалық тәсілдер арқылы шешуге лайықталған стандартты емес тапсырмалар берілген. Бірақ ол тапсырмалар TIMSS тапсырмалары форматында безендірілмеген.

Жаратылыстану-ғылыми білім беру сапасы бойынша оқулықтағы «Білу және түсіну» бөліміндегі тапсырмалар TIMSS тапсырмаларының «Білім» деңгейіне сәйкес

келеді, яғни жаратылыстану-ғылыми терминдер мен анықтамаларды түсінуге, құбылыстар мен процестердің пайда болуын анықтай алуға, мысалдар мен түсіндірмелер келтіре алуға бағытталған. «Қолдану» және «Талдау» бөлімінің тапсырмалары «Қолдану деңгейі» – табиғи құбылыстарды, процестерді, объектілерді салыстыруға, шешімдер қабылдап, оларды іс жүзінде пайдалана алуға бағыттайтын тапсырмалардың тобы болып табылады. Бірақ ол тапсырмалар TIMSS тапсырмалары форматында безендірілмеген. «Синтез» және «Бағалау» бөлімінің тапсырмалары «Ойлау деңгейі» – жобалау мақсатында іздену гипотезасын (немесе) зерттеу дағдысын қалыптастыру, олардың нәтижесін бағалау және алған мәліметтерін таныстыра алуға бағытталған тапсырмалар жинағы.

Қорытынды

Сауалнама нәтижесін саралау барысында төмендегідей қорытынды ұсыныстар тұжырымдалды:

1. Алгебра оқулығы бойынша А және В-деңгейінің тапсырмаларына практикалық тапсырмалар қосу (формуланы, теореманы, есептеу алго-

ритмін жаттауға көмектесетін тапсырмалар).

2. Алгебра, Биология оқулықтарына TIMSS тапсырмаларын тест форматында, безендіру талаптарына сай етіп қосу.

3. Қазақ тілі, Алгебра, Биология оқулықтарына оқушыға алған білімін өздігінен тексеруге мүмкіндік беретін тапсырмалар қосу (дескриптор және бағалау критерийлерімен).

4. Қазақ тілі оқулығындағы тақырыптар көбінесе география ғылымымен байланысты, әдебиетке байланысты тақырыптарды көбейту.

5. Қазақ тілі, Алгебра, Биология оқулықтарында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытатын және қызығушылықтарын арттыратын тапсырмаларды көбірек ұсыну.

6. Барлық оқулықтарға оқушылардың электрондық ақпарат құралдарымен жұмыс істей алу дағдыларын қалыптастыруға арналған тапсырмаларды кіріктіру.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым комитетінің 217 «Ғылымды дамыту» бюджеттік бағдарламасы, 102 «Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру» кіші бағдарламасы шеңберінде «Оқу әдебиетін апробациялау критерийлерінің жүйесін әзірлеу және енгізудің ғылыми-әдістемелік негіздері» атты жоба тақырыбы бойынша орындалды.

Әдебиеттер

1. Коменский Я.А. Избранные педагогические сочинения: В 2-х т. Т.1. – М.: Педагогика, 1982. – 656 с.
2. Абылкасымова А., Рыжаков М. Содержание образования и школьный учебник: методические аспекты. – М.: Арсенал образования, 2012. – 224 с.
3. Каримова Б.С., Жетпеисова Н.О., Галиев Т. Учебник как основа формирования системного мышления обучающихся. – Астана, 2015. – 120 с.
4. Құсайынов А.Қ., Каримова Б.С., Дүйсебек А.Т., Михалев Р.К., Саметова Ф.Т., Рысқұлбекова А.Д. Оқу әдебиеттері сапасын көтеруге бағытталған әдістемелік ұсыныстар. – Алматы, 2019. – 46 б.
5. Құсайынов А.Қ. Оқулық жасау және бағалау теориясы. – Алматы: ПФА, 2021. – 160 б.
6. Pešikan, A., & Marinkovic, S. (2006). A comparative analysis of the image of man and woman in illustrations of textbooks for first grade children. *Psihologija*, 39(4), 383-406.
7. Саметова Ф.Т., Мырзаханова Ф.М. О качестве учебников: проблемы и пути их решения // Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия: Педагогика. Психология. Социология. – 2021. – №4 (137). – С. 13-24.
8. Қусаинов А.К., Саметова Ф.Т., Шакимова Д.Д., Юсуп П.К. Система критериев апробации школьных учебников и УМК: Методические рекомендации. – Алматы: АПН, 2022. – 32 с.
9. Қусаинов А.К., Саметова Ф.Т. Система критериев оценки качества учебной литературы // Вестник ТОУ. - 2022. – №1. – С. 347-359.

References

- Abylkasymova, A., & Ryzhakov, M. (2012). Soderzhanie obrazovaniya i shkolnyy uchebnik: Metodicheskie aspekty [The content of education and school textbooks: Methodological aspects]. Moscow: Arsenal obrazovaniya. (in Russian)
- Karimova, B.S., Zhetpeisova, N.O., & Galiev, T. (2015). Uchebnik kak osnova formirovaniya sistemnoy myshleniya obuchayushchikhsya [Textbook as the basis for forming students' systemic thinking]. Astana. (in Russian)

Komenskiy, Ya.A. (1982). *Izbrannye pedagogicheskie sochineniya: V 2-kh t. T.1.* [Selected pedagogical writings: In 2 volumes. Vol. 1]. Moscow: Pedagogika. (656 p.) (in Russian)

Kusainov, A.K., & Sametova, F.T. (2022). *Sistema kriteriev otsenki kachestva uchebnoy literatury* [System of criteria for assessing the quality of educational literature]. *Bulletin of TOU*, (1), 347-359. (in Russian)

Kusainov, A.K., Sametova, F.T., Shakimova, D.D., & Yusup, P.K. (2022). *Sistema kriteriev approbatsii shkolnykh uchebnikov i UMK: Metodicheskie rekomendatsii* [System of criteria for the evaluation of school textbooks and educational programs: Methodological recommendations]. Almaty: APS. (in Russian)

Pešikan, A., & Marinković, S. (2006). A comparative analysis of the image of man and woman in illustrations of textbooks for first-grade children. *Psihologija*, 39(4), 383-406.

Qusayynov, A.Q. (2021). *Oqulik zhasau zhane bagalau teoriyasy* [Theory of curriculum development and assessment]. Almaty: PFA. (in Kazakh)

Qusayynov, A.Q., Karimova, B.S., Duysenbek, A.T., Mikhailiev, R.K., Sametova, F.T., & Rysqulbekova, A.D. (2019). *Oqu adabiyeteri sapasyn koteruge bagyttagan adistemeilik usynystar* [Methodological guidelines for improving the quality of literature]. Almaty. (in Kazakh)

Sametova, F.T., & Myrzakhanova, F.M. (2021). *O kachestve uchebnikov: Problemy i puti ikh resheniya* [On the quality of textbooks: Problems and solutions]. *Bulletin of the Eurasian National University named after L.N. Gumilyov. Series: Pedagogy. Psychology*, (4)137, 13-24. (in Russian)